

6. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / Ч.Ч.Валиханов. Под ред.акад.АН КазССР А.Х.Маргулана, - Алма-Ата: - 1958. - Т.1., 163 б.
7. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. - Москва: Наука, 1974. - 382 с.
8. Әлімхан А., Ахметжанова Ф.Р. Қазақ шығысының жер-су атаулары /А.Әлімхан, Ф.Р.Ахметжанова. - Өскемен: - 2000. - 104 б.
9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304б.
10. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (наматериалах произведений М.Әуезова). - Алма-Ата: Наука, 1989. - 175 б.

## **АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚАРА БЕТІ**

**Маньбекова Ж.Е.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтжанова Р.М.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

[zhasminerlanovna@gmail.com](mailto:zhasminerlanovna@gmail.com)

Қарағанды қ.

Бұл мақаланы жазып, зерттеу нысаны ретінде таңдауымызға бірнеше маңызды себептер түрткі болды. Ең алдымен, 1930-1933 жылдардағы ашаршылық - қазақ халқының тарихи жадында өшпестей із қалдырған, ұлттық сананың қалыптасуына тікелей әсер еткен ең қасіретті кезеңдердің бірі. Бұл тақырыпты айналып өту - халқымыздың өткенін елемеу, оның ауыр тағдырын түсінбеу болып болар еді. Сондықтан да осы тарихи оқиғаның тереңіне үңіліп, оның себептерін, барысын және салдарын жан-жақты талдау - мен үшін азаматтық әрі ғылыми жауапкершілік. Екіншіден, ашаршылық тақырыбы - тек статистика мен өткеннің дерегі емес, ол - тұтас бір халықтың өмір салтының күйреуі, мәдениетінің үзіліске ұшырауы, ұлт демографиясының түбірімен өзгеруі. Бұл оқиғаның мәнін ашу арқылы біз тарихтағы әділетсіздікті ғана емес, бүгінгі тәуелсіздік жолындағы ең қымбат құндылықтардың қалай сақталып қалғанын да түсіне аламыз. Мақаланы жазу барысында мен осы қасіретті кезеңнің рухани, әлеуметтік және экономикалық түйткілдерін көрсетуді мақсат еттім. Үшіншіден, қазіргі таңда ашаршылық мәселесі ғылыми зерттеулерде жиі айтылғанымен, көп жағдайда оның себеп-салдары толық ашылып, жас ұрпаққа жеткілікті деңгейде түсіндіріле бермейді. Менің мақсатым - сол тарихи шындықты қайта жаңғыртып, оның сабақтарын бүгінгі күннің санасына салу, ұлттың басына түскен нәубетті тек дерек ретінде емес, адам тағдырлары арқылы сезіндіру. Төртіншіден, бұл тақырыпты таңдауда жеке құндылықтық себеп те бар: өз халқымның өткені мен болашағына бей-жай қарамау, ұрпағымның қандай қиыншылықтарды бастан өткергенін білу - кез келген азаматтың парызы деп есептеймін. Ашаршылық туралы жазу - тек зерттеу емес, бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы бір қадам.

Сондықтан осы мақаланың мақсаты - ашаршылықтың шынайы болмысын ашу, оның халықтың тағдырына тигізген ауыр әсерін көрсету және осы қасіретті оқиғаның тарихи сабағын қазіргі ұрпақ санасына жеткізу. Бұл тақырыпты таңдауым - өткенге тағзым, болашаққа жауапкершілік [1, 45 б].

Ашаршылық - адамзат тарихындағы қайталанбас трагедиялардың бірі. Қазақстандағы ашаршылық, әсіресе 1930-1933 жылдар аралығында болған оқиғалар, ел тарихында терең із қалдырды. Сол жылдардағы экономикалық және саяси өзгерістер халыққа ауыр зардап әкелді. Ашаршылық тек тамақ тапшылығынан ғана емес, сонымен қатар ұжымдастыру саясатының, табиғи факторлардың және демографиялық өзгерістердің салдарынан туындаған әлеуметтік трагедия болды. 1930-жылдардың басында Кеңес үкіметі Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығын жою арқылы ұжымдастыру саясатын енгізді. Бұл саясаттың мақсаты - ауыл шаруашылығын орталықтан басқару арқылы индустрияландыруға қажетті азық-түлік қорын қамтамасыз ету еді. Алайда бұл шешім қазақ даласында ауыр гуманитарлық дағдарыс туғызды. Ашаршылық - тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени трагедия. Халық саны күрт төмендеп, ауылдық өмір мен дәстүрлі мәдениет зардап шекті. Сондықтан бұл кезеңді түсіну үшін оның себептері, барысы және салдарын жан-жақты қарастыру қажет.

XX ғасырдың басында Қазақстан мен Кеңес Одағының басқа аймақтарында орын алған ашаршылықтар адамзат тарихындағы ең қасіретті оқиғалардың қатарына жатады. Бұл апат тек табиғи себептерден туындаған жоқ, ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі - саяси және экономикалық факторлар болды. Мысалы, 1920-1930 жылдары жүргізілген колхоздау, күшпен мал жинау және егінді

күштеп жоспарлау сияқты шаралар көптеген отбасылардың өмірін қиратты, халықтың тамаққа қол жеткізуін шектеді.

Ашаршылық тек қана физикалық өлшеммен емес, рухани және әлеуметтік өлшемде де ауыр зардаптар қалдырды. Көптеген адамдар, әсіресе балалар мен қарттар, аштықтан қаза тапты, ал тірі қалғандар ауыр денсаулық және психологиялық проблемаларға душар болды. Халық саны күрт азайып, демографиялық құрылым өзгерді. Сонымен қатар, ашаршылықтың әсері мәдениет пен әдебиетке де жетті: көптеген жазушылар мен ақындар бұл кезеңді өз шығармаларында суреттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізуге тырысты. Мысалы, Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» атты кітабында ашаршылықтан кейінгі демографиялық өзгерістер мен ауыл тұрғындарының ауыр тұрмысы кеңінен көрсетілген.

Қазақстан тарихындағы 1930-жылдардағы ашаршылық - ұмытылмас трагедия болып, оның себептері мен салдарын зерттеу бүгінгі күнде де маңызды. Бұл тек өткенді еске алу үшін ғана емес, болашақта ұқсас оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін де қажет. Ашаршылық тарихын зерттеу адамдарға әділеттілік, жауапкершілік және адамгершілік құндылықтарын қайта бағалауға мүмкіндік береді. Осы эсседе біз ашаршылықтың себептері, салдары және халық өміріне тигізген әсерін талдай отырып, тарихтың бұл қасіретті кезеңін тереңірек түсінуге тырысамыз.

Ашаршылық себептері:

1. Ұжымдастыру саясаты

1928 жылы Кеңес үкіметі ұжымдастыру саясатын жүргізе бастады. Қазақ даласындағы жеке шаруашылықтар біртіндеп колхоздар мен совхоздарға біріктірілді. Жеке меншікке тиесілі мал мен егінді мемлекет тәркіледі. Бұл процесте малдың көп бөлігі алынып, колхоздарға берілді, ал шаруалар өздерінің негізгі азық-түлік көзі - ет пен сүтке қол жеткізе алмай қалды. Қазақстан аумағында жүргізілген ұжымдастыру саясаты қарапайым шаруалар өмірін күрт өзгертті. Малға тәуелді көшпелі және жартылай көшпелі қоғам үшін бұл саясат жай ғана шаруашылық өзгерісі емес, өмір салтының түбегейлі күйреуі болды.

Біріншіден, малдың жаппай тәркіленуі халықты негізгі күнкөріс көзінен айырды. Ғасырлар бойы мал шаруашылығына сүйенген жұрт төрт түлік мүлкін бір сәтте жоғалтқанда, тұрмыстың бүкіл құрылымы қирады.

Екіншіден, бай-кулак ретінде жазалау саясаты ел арасындағы әлеуметтік тепе-теңдікті бұзды. Ел ішіндегі дәулетті, шаруасы түзулі адамдар өндірістің тірегі болудан қалып, қуғын-сүргінге ұшырады.

Үшіншіден, еріксіз колхоздарға біріктіру халықтың еркіндігін шектеп, бұрынғыдай көшіп-қонуға мүмкіндік қалдырмады. Осылайша, дәстүрлі қазақ шаруашылығы зорлықпен тоқтатылып, қоғам экономикасының негізі шайқалды.

Ұжымдастыру кезінде ауыл тұрғындарына қатаң жоспарлар қойылды: әр ауылдан белгіленген мөлшерде астық, мал және басқа өнімдер жинап алынуы тиіс еді. Егер бұл жоспар орындалмаса, ауыл тұрғындары қатаң жазаланған. Мұндай шаралар халықтың қорғаныс реакциясын тудырып, кейбір аймақтарда аштыққа қарсы қақтығыстарға әкелді.

2. Экономикалық және әлеуметтік факторлар:

Ашаршылықтың екінші себебі - әлеуметтік-экономикалық қысым. Жергілікті тұрғындар қатаң салықтар мен малдың реквизициясына ұшырады. Халықтың азық-түлік қорлары қысқарды, соның салдарынан ауылдық жерлерде аштық басталды. Сол жылдары қазақ даласында ауыл шаруашылығын жүргізу қиын болды: мал саны азайып, егін өнімдері жеткіліксіз болды. Саяси реформалардың ізін ала елде пәрменді экономикалық-әлеуметтік дағдарыс күшейді. Азық-түлік тапшылығы күннен-күнге ушығып, халықтың тұрмыс деңгейі күрт төмендеді.

Біріншіден, дәстүрлі шаруашылық жүйесінің күйреуі ауылдағы еңбек бөлінісі мен табыс көздерін толық жойды. Бұрын малға, жайылымға сүйенген қазақ енді колхоздың аз ғана үлесіне қарап қалды.

Екіншіден, халықты басқару құрылымдарына жаңа кадрлардың келуімен әкімшілік зорлық күшейді. Тәркілеу, салық жинау, астық өткізуді талап ету секілді үстем шаралар ел ішінде қорқыныш пен үрей туғызды.

Үшіншіден, аштық басталғанда ел ішінде босқындық күшейді. Мындаған адамдар басқа өңірлерге жол тартты, жол бойындағы ауру, дерт пен елсіздік олардың өмірін одан сайын қиындатты. Әлеуметтік байланыстар әлсіреп, бір-біріне көмектесуге шамасы жетпейтін қоғам қалыптасты [2, 210 б].

3. Климаттық және табиғи факторлар

Саяси және экономикалық себептер ашаршылықтың негізгі өзегі болса, табиғи-климаттық қиындықтар оның шарықтауына әсер етті. Қазақстан табиғаты қашанда қатал: қыстың ұзақ болуы,

боранды күндердің көптігі, жаздың қуаңшылығы - шаруашылыққа әрдайым сынақ. Неғұрлым мал саны азайған сайын табиғатқа төтеп беру мүмкіндігі де жоғала түсті. Жергілікті жерде болған жұт, қуаңшылық, егіннің аз шығуы - халықты азық-түліксіз қалдырған қосымша факторлар болды. Бұрын мал шаруашылығына сүйеніп, табиғат қиындықтарын жеңе алатын халық енді ешқандай қорсыз, жазқыста теңселіп қалды. Табиғаттың өз қиындығы бар еді, бірақ дәстүрлі шаруашылық сақталған жағдайда бұл қиындықтар мұндай жойқын деңгейге жетпес еді.

1930-1932 жылдары Қазақстанда құрғақшылық орын алып, егін өнімдері төмен болды. Құрғақшылық тек азық-түлік тапшылығын туғызған жоқ, сонымен қатар мал санының азаюына әсер етті. Табиғи факторлар мен мемлекет саясатының үйлесімі халықты аштыққа душар етті. Мәселен, Семей облысында сол жылдары астық өнімінің 60-70% жойылған.

Ашаршылықтың барысы: 1931-1933 жылдары қазақ даласында аштық кең көлемде сезілді. Ауылдарда адамдар мал азығын іздеп көшіп-қонып жүрді, кейбір аймақтарда тамақ іздеп келгендер мен жергілікті тұрғындар арасында қақтығыстар болды. Аштық әсіресе балалар мен қарттарға ауыр тиді.

Халыққа әсері: ХХ ғасырдың отызыншы жылдары қазақ даласын жайлаған ашаршылық - ұлт тарихындағы ең ауыр әлеуметтік қасіреттердің бірі. Бұл кезеңде халық бірнеше ұрпақ бойы қалыптасқан тіршілік жүйесінен бір сәтте айырылып, өмірді сақтап қалу үшін алапат күрес жүргізуге мәжбүр болды. Кітапта аштықтың даму барысы жай ғана тарихи дерек ретінде емес, тұтас бір дәуірдің күйреуін көрсететін жаңды трагедия ретінде өрбиді. Ашаршылық ең алдымен күнкөрістің күретамыры саналған малдың жаппай тәркіленуінен басталады. Бір түнде барынан айырылған ауылдар ертеңінде-ақ азықсыз қалады. Бұрын малға сүйеніп күнелткен жұрт қолындағы жалғыз тірек құралы жоғалған соң, өз өмірін сақтап қалудың да мүмкіндігінен айырылады. Сол сәттен бастап халықтың жағдайы күрт нашарлап, аштық күннен-күнге күшейе түседі.

Азық түгесіле бастаған сайын адамдар тіршілік үшін арпалыстың ең ауыр сатыларына өтеді. Алдымен қолдағы ұн мен дән жұмсалады, кейін тіпті тамаққа жарамсыз шөптің тамыры мен жабайы өсімдіктерді жинау басталады. Аштықтың алғашқы қысында әлсіздер мен қарттар ең алдымен қырыла бастайды. Әр үйден күн сайын қайғы естіліп, тірі адамның саны күн санап азая береді. Тіршіліктің күйі кеткен ауылдар біртіндеп босап, үйлер қаңырап қалады.

Халықтың қиналысын күшейткен тағы бір жағдай - босқындық. Адамдар жан сақтау үшін өз ауылынан кетіп, белгісіз бағытқа қарай ағылған. Жол бойында әлсірегендер мен көмусіз қалған мүрделер көбейеді. Көрші елді мекенге жеткендерге де ешкім көмектесе алмайтын күйге түскен: әркім өз жанын сақтап қалудың қамымен әлек. Қуатынан айырылған жұрт қолына азық болар деген үмітпен қалаларға да, алыстағы қоныстарға да ағылғанымен, олардың көбіне ештеңе бұйырмайды.

Аштық тек денені қажытып қоймай, адамдық қасиеттің де ажырауына әкеледі. Бұрын бір-біріне сүйеу болған ел бір сәтте дәрменсіз күйге түсіп, өзіне де, өзгені де аман алып қалуға шамасы келмейді. Адами қатынас әлсіреп, адамдардың үні мұңға, жүрегі үрейге толады. Қайғының ауырлығы жағынан бұл кезең елдің рухани өміріне жазылмас жара салды.

Ашаршылық халықты физикалық ғана емес, психологиялық тұрғыдан да күйретті. Қорқыныш пен үмітсіздік әр адамның санасына терең ұялап, ертеңгі күннен күдер үзген сәттер жиілейді. Жетім қалған балалар, ата-анасын арқалап жүруге күш таппай талықсып құлағандар, көш бойында жан тапсырған бейбақтар - осы кезеңнің ащы шындығын айғақтайтын көріністер [3,70 б].

Халық саны күрт төмендеді. Бірқатар деректерге қарағанда, сол жылдары Қазақстанда 1 миллионға жуық адам қырылды. Өлім-жітім көбіне аштықтан, аурулардан және екпе тапшылығынан болды. Ауылдардан көшіп келген адамдар қалаларға да келген, бірақ қала да оларды толық қамтамасыз ете алмады.

Ашаршылық халық санына тікелей және ауыр әсер етті. 1930-жылдардағы Қазақстандағы аштық кезінде көптеген ауылдық аймақтарда халық қырылды, әсіресе балалар мен қарттар ең көп зардап шекті. Демографиялық құрылым қатты өзгерді: туу деңгейі төмендеді, өлім деңгейі күрт артты, ал ауыл халқының саны күрт қысқарды. Мысалы, кейбір аудандарда ауыл тұрғындарының 20-30%-ы немесе одан да көпі аштықтан қаза тапты.

Сонымен қатар, ашаршылық халықтың жас құрылымына әсер етті: еңбекке қабілетті жас ересектердің көп бөлігі қаза тапқандықтан, ауыл шаруашылығы мен өндірістік секторда еңбек тапшылығы туындады. Бұл демографиялық дағдарыс кейбір ауылдық аймақтардың дамуын бірнеше жылдарға кешіктірді. Халықтың жас және жасқа байланысты құрылымында диспропорция пайда болды: қарттар мен балалардың үлесі артты, орта жас тобының үлесі азайды.

Ашаршылықтан кейін халықтың көші-қоны да өзгерді. Кейбір отбасылар азық-түлікке жету мақсатында ауылдан қалаға немесе басқа өңірлерге көшті. Бұл ауылдық және қалалық халық саны арасындағы балансқа әсер етіп, кейбір ауылдардың тіпті толық босап қалуына себеп болды [4, 80 б].

Мақаланың өн бойындағы дамуына сұрақтарды қарастыра отырып, ашаршылықтың қазақ халқының тарихи жадында өшпес із қалдырған ең қасіретті кезеңдердің бірі болғанын көруге болады. Бұл нәубет тек миллиондаған адамның өмірін қиып қана қойған жоқ, сонымен бірге ұлттың демографиялық, дәстүрлі шаруашылық жүйесіне, мәдениетіне және қоғамдық құрылымына орны толмас зиян тигізді. Сол жылдары орын алған әділетсіз саясат, зорлықпен жүргізілген ұжымдастыру және мал шаруашылығын күйреткен жоспарланған науқандар бүкіл халықты күйзеліске ұшыратып, ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын бұзды.

Ашаршылықты еске алу - өткенге құр қайғыру емес. Бұл - тарихи шындықты мойындап, оны ұмыттырмай, келер ұрпаққа сабақ ету. Нәубеттің себептерін терең түсіну қоғамға әділеттілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастырып, кез келген саяси, әлеуметтік шешімнің салдарын ойланып қабылдауға үйретеді. Сонымен бірге бұл кезеңді зерттеу тәуелсіздік құндылығын, ел бірлігі мен ынтымағының маңызын терең сезінуге мүмкіндік береді.

Ашаршылықтың демографиялық салдары

Ашаршылық - қазақ халқы тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі. 1931-1933 жылдардағы нәубет миллиондаған адамның өмірін қиып қана қоймай, халықтың демографиялық құрылымына да терең із қалдырды. Сол жылдары қазақтардың саны қатты азайды: кей есең бойынша, XX ғасырдың басында 5 миллиондай болған халық 1939 жылы 2,3 миллионға дейін төмендеді. Мұның өзі миллиондаған адам қырылғанын, жүз мыңдаған адамның тірі қалу үшін шет елдерге немесе көрші аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болғанын көрсетеді.

Ашаршылық тек халық санының азаюымен шектелген жоқ. Этникалық құрам да өзгерді: кейбір есептер бойынша қазақтардың үлесі 58%-дан 38%-ға дейін төмендеді. Бұл ұлттық демографиялық құрылымға әсер етіп, қазақ халқы өз жерінде көпшілік болу көрсеткішін уақытша жоғалтты. Сонымен бірге, жаппай өлім-жітім мен көші-қон табиғи өсімді тежеп, халықтың жас құрамына және әлеуметтік құрылымына теріс ықпал етті.

Мал шаруашылығының күйреуі де демографиялық салдарға әсер етті. Ұжымдастыру саясаты мен малдың жаппай жойылуы көшпелі өмір салтын бұзып, адамдарды мәжбүрлі түрде отырықшыланып, жаңа тіршілік формаларына бейімделуге мәжбүр етті. Бұл халықтың әлеуметтік құрылымын өзгертумен қатар, демографиялық үрдістерге де әсер етті.

Ашаршылықтың демографиялық салдарын білу - өткен тарихымызды түсіну, ұрпаққа сабақ беру, ел бірлігін бағалау үшін маңызды. Өткенді білмей, болашақты саналы құру мүмкін емес. Сондықтан біз осы қасіретті оқиғаны тек еске алып қана қоймай, оның сабақтарын өмірге ұстаным етуіміз керек.

Осылайша, ашаршылықтың тарихын тану - ұлттық болмысты сақтаудың, тарихи әділеттілікті орнықтырудың және ұлт жадын жаңғыртудың маңызды тетігі. Қасіретті жылдардың ақиқатын ашу арқылы біз өткенге тағзым етіп қана қоймай, болашаққа сенімді қадам жасаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрмақов Б. Қазақ КСР-індегі ашаршылық (1930-1933). - Алматы, 1995.- Б. 45-52.
2. Елубай С. Ақ боз үй .- Алматы, 2011.- Б. 210-230.
3. Құдайбергенов Г. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық: деректер мен куәліктер. - Астана, 2003.- Б. 70-85.
4. Құлбаев Д. Қазақстандағы ашаршылық және демография. - Алматы, 2010. - Б. 55-63.

## **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАРИХ ПӘНІН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ**

**Мұхтар Ә.Ж.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А

Астана Халықаралық университеті

[asemukhtar05@mail.ru](mailto:asemukhtar05@mail.ru)

Астана қ.

Қазіргі білім беру кеңістігі әлеуметтік, технологиялық және мәдени өзгерістердің қарқынына байланысты түбегейлі трансформацияға ұшырап отыр. Әсіресе, цифрлық технологиялар мен жасанды